

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Жойылған банктерде депозиті болған 230 мың адамның зейнетақы шоттарына ҚДКБҚ-дан кепілдік берілген өтем ақша аударылды

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша жойылған сегіз банктің 229 715 салымшысының талап етілмеген кепілдік өтем сомасы Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры төлемді аяқтағаннан кейін ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) ретінде БЖЗК-ғы жеке зейнетақы шоттарына аударылды.

Кепілдік берілген талап етілмеген өтем сомасы дербес деректері (ЖСН, ТАӘ) БЖЗК базасындағы деректерге сәйкес келген салымшылардың шоттарына аударылды. Сондай-ақ, салымшының жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаты мен міндетті және (немесе) міндетті кәсіптік және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының болуы қажет.

Таратылатын банктердің салымшылары зейнетақы шоттарына қаражаттың түскен-түспегенін БЖЗК сайты мен мобильдік қосымшасындағы жеке кабинеттен және қызмет көрсету кеңселерінен, немесе азаматтарға арналған Үкімет порталынан тексере алады.

**Салымшыларға (алушыларға) ЖЗШ ашу үшін БЖЗК-ға арнайы жүгінудің қажеті жоқ. Өйткені, аударылған ЕЗЖ сомасы БЖЗК-ға түскенде автоматты түрде ЖЗШ-ға есепке алынады (олар болған жағдайда), болмаған жағдайда ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ БЖЗК-ға өтінімсіз тәртіпте (яғни, автоматты түрде), оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен ҚДКБҚ-дан БЖЗК-ға кепілдік берілген өтем ақшасы түскенде ашылады.**

2022 жылдың 2 мамырында ҚДКБҚ БЖЗК-ға келесі сегіз банктің: «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Қазақстан Эксимбанкі» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ салымшыларының кепілдік берілген талап етілмеген өтем қаражатын аударды.

Айта кетерлік жәйт, ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-ға аударылған кепілдік берілген талап етілмеген өтем ақша басқа зейнетақы активтері секілді тәртіппен инвестицияланатын болады.

*Анықтама: ЕЗЖ есебінен БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар келесі тұлғаларда бар:*

- 1) елу жасқа толған;
- 2) мүгедек болып табылатын;
- 3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету ниетін немесе дерегін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;
- 4) ЕЗЖ сомасы және оларға есептелген инвестициялық табыс шегінде зейнетақы жинақтары бар, БЖЗК-да кемінде бес жыл болған зейнетақы жарналары бар тұлғалар.

Естеріңізге сала кетсек, төлем мерзімі өтіп кетіп, талап етілмеген сома БЖЗК-ға аударылып қойған жағдайда да салымшыға депозит бойынша өтініш білдіру мүмкіндігі заңнамада көзделген. Ол үшін өтініштің неліктен уақытынан кеш берілгенін түсіндіру қажет, сонда өтініш жеке дара тәртіпте қарастырылатын болады.

Мұндай өтініш төлем мерзімі кезеңінде ҚДКБҚ-дан өтемақы алуға өтініш беруге кедергі келтірген себептің болуын растайтын құжаттар тізбесімен қоса берілуі тиіс, мысалы, әскери қызмет немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерде болу, салымшының мұрасын қабылдау және мұраны алумен немесе ашумен байланысты өзге де себептер.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін*

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

*Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*